

АБАЙ ТАНЫМЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

Сакен Токанович КАСЕНОВ,

ф.ғ.к., қауымдастырылған профессоры

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті

Өскемен қаласы, Қазақстан

saken_69@mail.ruDOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15256913>

Біз Абай өлеңдерін қарастырғанда, XX ғасырдың басында жарық көрген ұлы ақынның алғашқы жинағынан бермен қалыптасып қалған тақырыптық классификациямен зерделейтініміз бар. Тұңғыш жинақта ақын өлеңдері мен дастандары он жеті түрлі бөлікке жіктеліп берілді [1]. Бұл Кәкітай жасаған жіктеу еді. Соның ішінде «Жазғытұры», «Жаз», «Күз» және «Қыс» өлеңдері жеке-жеке тақырыптық бөліктер болып берілген. Қазіргідей тақырыптық «табиғат лирикасы» деген ұғым-термин пайда болмаған кез.

Қазақ әдебиеттану ғылымында Абай көркем әдебиетке тұңғыш батыстық үлгідегі табиғат лирикасын әкелген ақын ретінде бағаланады. Абайға дейінгі әдебиетте табиғат көріністері жырланбады дей алмаймыз. Табиғат көркін жырлау элементтері кездесіп отырады. Мысалы, «Қырында киік жайлаған, Суында балық ойнаған/Асан қайғы»; «Балығы тайдай тулаған, Бақасы қойдай шулаған/Қазтуған» т.б.с.с. Абайда табиғатты жырлау мүлдем бөлек сипат алады.

Абайды табиғат лирикасына әкелген кім болмаса не нәрсе? Біз Абай шығармашылығының үш қайнар көзі жайлы айтқанда, ақынның көп дүниені орыс және батыс әдебиетінен алғандай пайымдайтынымыз бар. Осы орайда біздің ойымызға А.Машановтың мына бір сөзі оралады: «Әл-Фараби - музыкант, біз оны философ дейміз. Абай - философ, біз оны ақын дейміз» [2]. Ақжан ақсақалдың сөзінің не астары бар?

Абайда фарабитанушылық таным сөз жоқ болды. XIX ғасырда Абай оқыған медреселерде татар ағартушысы, атақты ғалым Шахабуддин Маржанидың шәкірттері молдалық етті. Ал Маржани өз тұсында Әл-Фараби бабамызды зерттеген, зерделеген ілгерішіл адам болған. Маржани медресесінде Әл-Фарабиге қатысты дәрістер оқылатын болған. Міне, сондықтан да Абайда сол шәкірт-ұстаздар арқылы келген қандай да бір фарабилық таным бар деуімізге болады.

Абайды күні-бүгінге дейін ақын ретінде қабылдау танымы сақталып келеді. Ал Ақжан Машанов сөзі басқаға мегзейді. Артына ғылыми еңбек жазып



қалдырмағаннан соң, Абайды ғалым атамаймыз («*Китаби тасдиқ*»(38-қарасөз деп жүрген) түпнұсқасында шағатай тілінде жазылған ғылыми еңбек деген соны бір пікірді ескермегенде). Бірақ оның шығармаларында ғылыми танымның бар екенін сеземіз. М.Дулатұлы айтатын «жаңа тұрпатты әдебиетті» жасаушы адамның көркем әдебиеттің теориялық табиғатына қатысты ой зерделеуі мүмкін емес. Өкінішке орай, Абай қазіргі ұғымдағы әдебиет, көркем әдебиет ұғымдарын қолданбайды. Есесіне, «қызыл тіл», «сөз», «сөз жақсысы», «сөз сарасы», «өлең» ұғымдары бар. Бұл «абайлық терминдер» ғұлама танымында қазіргі әдебиет, көркем әдебиет ұғымдарын атқарып тұр. XIX ғасырға дейінгі дәуірде қазақ әдебиетінің поэзиялық үлгіде дамығандығын ескерсек, Абайдағы бұл ұғымдардың тұтас ұлт әдебиеті – көркем әдебиет мағынасында тұрғандығын аңғарамыз. «Іші – алтын, сырты – күміс сөз жақсысын» айтқанда, сөз жоқ, көркем шығарманың мазмұндық және формалық мәселелерін мегзеді. «Уәзінге өлшеп тізілген» өлең сөздің теориясын да жетік зерттеді.

Ертеректе жалпы ережеге сәйкес философ деген атақпен барлық ғылымдар негізін білген және соған үлес қосқан шығармашыл тұлғалар аталған. Яғни, Абайдың тұсындағы **данышпан, ғалым, хакім** ұғымдарымен тең. «Данышпанның бәрі ақын емес, ақынның бәрі данышпан емес. Ал Абайда осының екеуі де бар» деген екен Сәбит Мұқанов [3].

Әл-Фараби бабамыздың қағидасы бойынша философ болу үшін астрономия, арифметика, геометрия, музыка секілді салаларды жақсы меңгеру шарт. Бұлар – ғылым салалары. Абай ғылымды Алланың бір сипаты ретінде таниды. Ақын: «Ғылым – Алланың бір сипаты. Ол – Хақиқат. Оған ғашықтық өзі де Хақлық һәм адам дүр. Болмаса мал таппақ, мақтан таппақ, ғиззат-құрмет таппақ секілді нәрселердің махаббатымен ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды», - дейді [4].

Данышпан Абай «Китәбу тасдихта»: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады. Сонан соң ғана Алла Тағаланы танымақтық, өзінтанымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана жәліб мәнфғат дәфғы мұззарратларны (*пайдалы және залалды істерді*) айырмақтық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады. Болмаса жоқ, ең болмаса шала», - дейді [5]. Міне, ойшылдың бұл сөзінде, ғалымдардың пікірінше, болмыстың бес негізі қамтылған. Яғни, Абай **жаратушыны (Алланы), жан иелерін (адамды), қоршаған табиғатты, іс-әрекетті, уақытты айтып отыр** [6]. Байқағанымыздай, Абай танымы жүйелі. Ал жүйе мен заңдылық – ғылым негізі. Ендеше, Абайды сол кездегі ұғыммен данышпан (*философ*) болмаса қазіргі ұғыммен ғалым десек болады.



Сонымен, Абай ғылымға Алланың бір сипаты ретінде ден қойды. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» дей отырып, өзі айтатын «бір ғылымнан басқаның бәрі де кесел асқанға» дегеніндей, тек ғылым сөзі ғана турашыл екенін ақын дұрыс пайымдады. Ол ақыл, қайрат, жүректі ғылымға жүгіндірді.

Жоғарыда көрсеткеніміздей, болмыстың бес негізін терең түйсіне отырып, ақын олардың барлығына данышпан ретінде ғылыми негіз түйсігімен қарады. Соның ішінде қоршаған табиғатты қазақ әдебиетінде жеке жырлағанда да осы таным үддесінде болды. Табиғатты жырлау Абайға болмыстың бір негізі ретінде қоршаған ортаны, бүкіл табиғатты, дүниені терең түсіну үшін қажет еді. Біз ойлағандай, XIX ғасырдың екінші жартысында өзі тудырған «сөз жақсысының» «іші - алтын» мазмұнын тақырыптық тұрғыдан байытудан гөрі, болмыстың негізін терең пайымдау үшін керек болды.

Абайдың табиғатқа арнаған өлеңдерінде таза **пейзаждық лирика** жоқ. Табиғат - Абай үшін адамды қоршаған дүниенің сыртқы қабығы. «Білім-ғылым үйренбекке талап» еткенде, әуелі көзге көрінген сыртқы қабатты тани бастайсыз. Содан кейін барып, ішкі мазмұндық сипаттарға ауысасыз.

Абай үшін табиғат көріністерінің, оның сұлулығының эстетикалық ләззатынан гөрі, адамның тұрмыс-тіршілігіне ықпалы, әсері көп маңызды болды. Сондықтан оның табиғатқа арналған өлеңдерінің әлеуметтік сипатының басым болатындығы сол.

Абай жылдың қай маусымына өлең жазбасын, жыл мезгілдеріне сәйкес табиғат құбылыстарының жаратушының, яғни бір Алланың құдіретімен болып жататынын әсте естен шығармайды. Мәселен, «Жазғытұрыда»:

Безендіріп жер жүзін **тәңірім** шебер,
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.
Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкендей үстіне аспан төнер, - десе, енді бір жерінде:
Қара тастан басқаның бәрі жадырап,
Бір сараңнан басқаның бейілі енер.
Тамашалап қарасаң **тәңірі** ісіне,
Бойың балқып, еридi іште жігер, - дейді.

Одан кейінгі «Жаз», «Күз», «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай» және т.б. өлеңдерінде ақын жаратушының бұл жыл уақыттарына қатысын көрсетпесе де, сол жыл маусымдарындағы адам өмірінің тұрмыстық сипаттарын танытып отырады. Табиғат арқылы өмір болмысының арқауы адамның адамшылық қасиеттерін көрсетеді. Көптеген абайтанушы ғалымдар: «Ақын өлеңдерінде табиғаттың жалаң суретін беріп қойған жоқ, оны адам өмірімен нық



байланыстыра білді. Мал бағумен күн көріп, көшіп-қонып жүрген қазақ елінің өмір шындығын дәлме-дәл көрсетіп, жылдың әрбір мезгілінің мал баққан елге қандай әсер ететіндігін баяндады», - дейді [7]. Иә, елдің тұрмысы, өз уақытында «қырдағы ел ойдағы елмен араласқан» әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынасы («Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен; Астында **ақ шомшы** жүр ол бір керуен») бұл өлеңдерде көрініс тапқан. Мәселен, ақ шомшы - егін екпейтін жұрттың егін егетін елге астық әкелу үшін бос жіберетін түйе-керуені.

Абай – суреткер ақын. Ол - жаңа замандағы қазақ әдебиетінің қалай дамуы керектігін алғаш түсінген шығармашыл тұлға. Академик З.Ахметов: «Абай адам образын жасаудың принциптерін өзгертіп, жаңартты», - дейді [8]. Ғалымның бұл ойы ақын сөзбен салған «суретті сөз» ұғымына да қатысты деп ұғамыз. Абайдың сөз өнері қақында «өткірдің жүзі, кестенің бізі, өрнегін сендей сала алмас» дейтіні сондықтан. А.Байтұрсынұлы айтқандай: «Не нәрсе жайынан жазса да Абай **түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазды**». Абай – теоретик. Ахаң сол себепті: «Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін жақсы білген», - дейді.

Абай табиғатқа арнаған өлеңдерінде адам бейнесін жыл маусымдарындағы өзгерулерімен бере білді. Табиғат арқылы адамды, адам арқылы табиғатты таныды. Жыл мезгілдерінің өзгеруі адамды түрлі күйге, психологиялық халге түсіреді. Абай осы жайттарды дөп баса алды.

Жаз адамды жадыратып, жанына жылылық ұялатады. Адам жаңа бір жайма шуақ психологиялық халге өтеді. Алты ай қыста құрысқан кемпір мен шал «шуақ іздеп», «көрден жаңа тұрғандай», «өзінің тұрғысымен жалбаңдасады». Жазғасалым жаппай тіршілік иелері қыбырлап оянып, жалпақ жұртқа жан бітеді. Абай:

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,
Күлімдесіп, көрісіп құшақтасып.
Шаруа қуған жастардың мойны босап,
Сыбырласып, сырласып, мауқын басып,- дейді.

Жаздан кейінгі күздегі адам кейпі қандай? Абай өзінің «Күз» өлеңінде:

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,

Жапырағынан айырылған ағаш, құрай, - дейді. Жаздағы адам бұл жыл мезгілінде басқа күйге түскен. Басқа психологиялық ауан, басқа хал. Жазғы сурет жоқ. Адамды бұндай халге түсірген «қара суық». Ақын:



Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсең,
Көңілсіз қара суық қырда жүрсең.
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң,
Үйде ит жоқ, тышқан аулап, қайда көрсең, - дейді.

Абай, осылайша, жыл маусымдарының райымен қоғамдық өмірдің әлеуметтік-экономикалық райын пайымдайды. Таптық қоғамның айырмашылығын жыл маусымдарының алмасуында өмірдің боямасыз өз суретімен нақ көрсетіп береді. Мысалы, ақының әйгілі «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай» өлеңіндегі мына жолдар соны растайды:

Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі,
Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі?
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,
О да – қылған кедейге үлкен сыйы.

Қар жауса да тоңбайды бай баласы,
Үйі жылы, киіз тұтқан айналасы.
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.

Жалшы үйіне жаны ашып ас бермес бай,
Артық қайыр – артықша қызметке орай.
Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ,
Андыстырған екеуін, құдайым-ай!

Мақала шеңберіндегі ойымызды Ә.Тәжібаевтың мына сөздерімен түйіндесек: «Ұлы ақындардың бір рет қамтуға сыймайтын қасиеттері қашаннан белгілі. Абай да сондай. Еліміз өскен сайын, ол үлкейе береді. Санамыз артқан сайын, ол тереңдей береді. Біліміз артып, көзіміз ашыла түскен сайын, біз ақынның өзі туралы, өз басының жеке күйін шерткен күйлерінен адам, адамдық қоғам туралы сырларды көбірек көре түсеміз. Өйткені оның поэзиясында мәңгі өлмейтін қанатты жан бар. Мәңгі өшпейтін керемет бояу бар. Жылдың төрт мезгіліндей ауысып, тарихымызбен жасаса береді»[9].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Абай» журналы, №3, 1992, 13-16 беттер.
2. А.Машанов. Әл-Фараби және Абай. Алматы, 1994, 4-бет.
3. С.Мұқанов. Таңдамалы шығармалары. 16-т. 354-б.
4. А.Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. Алматы, 1995, 190-б.
5. Абай. Қарасөз. Поэмалар. Алматы, 1993, 80-б.



6. Омаров Д. Ұлылар үндестігі. Алматы, 1999, 17-б.
7. Нұрпейісов Н., Мамыт А. Абайтану. Шымкент, 2013, 51-б.
8. Ғабдуллин Н. Абай тағылымы. 1986, 45-б.
9. Ғабдуллин Н. Абай тағылымы. 1986, 208-б.
10. Abduvalitov E. The Effective Ways of Teaching the Literature of Fraternal Nations in General Secondary Schools. <http://dx.doi.org/10.47814/ijssrr.v6i6.1428>
11. Abduvalitov N. Ways of Teaching Samples of World Literature at Literature Classes by Grene Features. <http://ijmmu.com> editor@ijmmu.com ISSN 2364-5369 Volume 9, Issue 3 March, 2022 Pages: 219-223.
12. Nurjan B. Abduvalitov, Ergash B. Abduvalitov, Baurjan N. Sayfullaev. "Methods of comparative analysis in the study of samples of uzbek and world literature" <https://spast.org/techrep/article/view/4576>
13. Nurymbetovich, S. B. (2023). Dialectisms in the Language of Literary Works. *Central Asian Journal of Literature, Philosophy and Culture*, 4(6), 33-39. Retrieved from <https://cajipc.centralasianstudies.org/index.php/CAJLPC/article/view/893>
14. Yusupov B.B. Motherland and Patriotism in the Lyrics of Tulegen Aibergenov. <https://ijssrr.com/journal/issue/view/28>
15. Bazarbayeva Raykhan Abdimumin qyzy Socio-psychological bases of forming speaking competence based on students' creative thinking. *Web of Scientists and Scholars: Journal of Multidisciplinary Research*. <https://webofjournals.com/index.php/12/article/view/3485>

